

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 180 – 184

**M. O. Nassimov, B. Zh. Paridinova**

«Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan,  
E-mail: nasimov\_m@mail.ru

## **DISCOURSE AS AN OBJECT OF POLITICAL SCIENCE**

**Abstract.** Discourse is one of complicated and difficult to define the concepts of modern linguistics, semiotics and philosophy. There is no clear definition of discourse. Broadly, the discourse - a communicative action, a phenomenon which is a speech, dialogue, style, language, past through the prism of extralinguistic factors - knowledge of the world, attitudes, beliefs, cultural traditions, historical facts and ideological attitudes, knowledge of which is necessary for a full above understanding speech style, the dialogue.

Representatives of postmodern philosophy treat discourse as a specific form of social interaction; method of social life, which is characterized by polyphony, multidimensionality, spontaneity, polyvalent, and arising from the internal decentralization of intentions epistemic origin.

The study of political discourse is among the most urgent problems of political science and political linguistics. The concept is being a cross-cutting in their basic properties, interesting representatives of sociology, social psychology, cultural studies, experts in the theory of mass communication. The use of modern methods of analysis of political texts allows to obtain data on the state of social consciousness and political problems. This article explores the discourse as an object of political science.

**Keywords:** discourse, political communication, political linguistics, political philology.

ӘОЖ: 32.019.52

**М.О. Насимов, Б.Ж. Паридинова**

Болашак университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

## **ДИСКУРС САЯСИ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ НЫСАНЫ РЕТИНДЕ**

**Аннотация.** Дискурс заманауи лингвистика, семиотика және философиядағы анықтамасы қүрделі және ауыр түсінік. Дискурс ұғымына байланысты накты анықтамалар жоқ. Кең мағынада дискурс – бұл әлем туралы білім, мәдени дәстүрлер туралы ойлар, тарихи және идеологиялық қондырғылар неғізінде өткен сөйлеу, диалог, стиль, тілді айқындытын коммуникативтік қимыл.

Постмодернизм философиясының өкілдері дискурсты былайша анықтайды: әлеуметтік өзара байланыстардың ерекше түрі; көпдауыстылық, көпасспектілік, кенеттілік, жекелену, шарттылықпен ерекшеленетін әлеуметтік болмыстың тәсілі.

Саяси дискурсты зерттеу саяси ғылымдардың, оның ішінде саяси лингвистиканың өзекті мәселесі болып табылады. Ұғым пәнаралық сипатқа ие болғанымен, әлеуметтану, әлеуметтік психология, мәдениеттану, бұқаралық коммуникациялар теориясымен айналысады да қызықтырады. Себебі, саяси мәтіндерді қазіргі заманғы зерттеу әдістері арқылы қоғамдық сана жағдайы мен қоғамдық-саяси мәселелерді айқындаі аламыз. Мақалада дискурс саяси ғылымдардың нысаны ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дискурс, саяси коммуникация, саяси лингвистика, саяси филология.

Кез келген ғылыми теория өте дәл болуы тиіс. Бұл тұста ғылымда қолданылатын терминдердің толық анықтамасын айшықтау және дәйектемелер нәтижелерін ашып көрсету жөнінде айтқан дұрыс деп санаймыз. Қазіргі заманғы саяси ғылымдардың негізгі бағыттарын зерттеу саяси коммуникация немесе байланыс саласын айқындау арқылы жүреді десек кателеспейміз. М. Вебер мен Э. Дюркгеймнің қоғам мен билік арасындағы байланысты анықтайтын әлеуметтанулық бағыты, қоғамдық өмірді ұйымдастыру мен реттеудің тұрақты түрлері саналатын М. Липсsettің институтталған бағыты, саясатты жүйе ретінде қарастыратын Т. Парсонстың жүйелік-функционалдық бағыты, Р. Мertonның бюрократия теориялары, Э. Фроммның психологиялық бағыты, Ф. Фуксманың футурологиялық бағыты, Г. Алмонд, С. Верба, С. Хантингтонның

салыстырмалы саясаттанузы саяси коммуникацияларды зерттеуғе өзінің септігін тиғізеді. Біздің зерттеп отырған мәселе осы саяси коммуникация саласы бойынша жүргізілген зерттеулермен тығыз байланысты.

Жалпы *саяси коммуникация* саяси жүйенің бір бөлігінен екіншісіне және саяси жүйе мен әлеуметтік жүйе арасында жүретін саяси ақпараттарды беру үдерісі болып табылады. Батыс ғалымдары саяси коммуникацияның үш неғізгі тәсілдерін бөлін көрсетеді: 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүретін байланыс; 2) басқарушылар мен басқарулатындар арасындағы байланыс; 3) бейресми арналар арқылы жүретін байланыс. Атальыш тәсілдердің барлығының дискурс мәселесін зерттеуде маңыздылығы өте зор.

Берілген тақырыпты зерттеуде Нидерланд ғалымы Тён Адрианус ван Дейктін [1] (Teun Adrianus van Dijk) енбекі зор. Сонымен бірге, Ф. Байрам [2] (F. Bayram), З. Харрис [3] (Z.S. Harris), С. Харт [4] (C. Hart) сынды шет елдік ғалымдардың зерттеулери назардан тыс қалмауы керек деп ойлаймыз. Ресей ғалымдары арасынан А.Н. Баранов, О.В. Михайлова, Г.А. Сатаров, Е.А. Шипова [5], В.А. Маслова [6], Н.М. Перельгут, Е.Б. Сухонская [7], Е.В. Пилюгина [8], А.К. Хурматуллин [9] берілген тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізін келеді.

Осы орайда саяси дискурстың Қазақстан Республикасы мемлекеттік және идеологиялық құрылымы шарттарындағы қалыптасуы мен дамуын саясаттанулық талдаудың өзектілігі келесі себептерге байланысты.

*Біріншіден*, саяси дискурс қоғамдық құрылымына мазмұнына бағынып қана қоймай, үстемдік етуші дүниетаным, идеологиялық парадигмалармен өзара байланысты. Соңдықтан оны мемлекеттік құрылымстан тыс қарауға болмайды. Осы арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы тілдік коммуникацияның өзара байланыстары анықталады.

*Екіншіден*, саяси дискурс қоғамдағы мәдени үдерістердің көріністерін айқындайды, ықпал етудің үлкен күшін иеленген көрнекіліктері мен мұмкіндіктері мол, қоғамдық санаға жаңа құндылықтарды тарататын саясаттағы ақпараттардың тілдік ерекшеліктерін анықтайды.

Зерттеліп отырған тақырып барлығымыз күнделікті көріп, ұшырасып жүрген құбылыстардың бірі. Билік үшін күрсес бұл саланың неғізгі тақырыбы және өзектілігін алға жылжытушы болып табылады. Қоғам өмірі ашық және демократиялы болған сайын оның саяси тіліне ерекше назар аударыла бастайды. Саяси дискурсқа кәсіби саясаткерлер, журналистер және саясаттануышлармен қатар, бұқара халық та мән береді. Жалпы саясаттанулық лингвистика және саясаттанулық филология ұғымдары бірге пайдаланылғанымен, айырмашылықтары өте мол. Мәселен, саясаттанулық лингвистика саяси түсініктердің шағын деңгейін қарастыру арқылы әрекет етеді де, оның төмөндеғідей пәні айқындалады: а) саяси дискурстың синтаксикасы, семантикасы және прагматикасы; б) осы дискурстардың қойылымы мен түсіндіру үлгілері. Саясаттанулық филология «білік», «ықпал ету» және «бедел» ұғымдарының дискурстық қатынастарын бағамдайды [10].

Соңдықтан саяси лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болып саяси дискурс қарастырылады. Лингвистика және саясаттану - екі жеке ғылымдар тоғысында пайда болған және бұл сала бүгінгі күнделікті дамып жатқан ақпарат заманында өзектілігін жоғалтпайды. XX ғасырдың 90-жылдарының ортасында осы бағыттар бойынша жарияланған ресейлік ғалымдар А. Алтунян [11], М.Р. Проскуряков [12], Е.И. Шейгал [13] енбектері саяси лингвистиканың дамуын айқындалады.

Берілген тақырыпты өзекті мәселе еткен қазақстандық тіл мамандары Б.А. Ахатова [14] мен Қ.Ә. Есенованың [15] қазақ ғылымындағы аткарған енбектері өте маңызды. Қ.Ә. Есенованың 10.02.02 - қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы авторефераты бойынша: «Кез келген реңсіз мәселе мен мәдениет, деңсаулық сақтау, ғылым, білім беру, спорт, өнер тақырыбымен салыстырғанда саяси мәселелер кеңінен қамтылады. Өйткені, қоғам өмірінің бүкіл тыныс-тіршілігі осы саяси ахуалға тікелей байланысты болғандықтан, ондағы барлық әлеуметтік т.б. қатынастар саясат арқылы реттеліп отырады. Осымен байланысты күнделікті жаңалық жаршысы газет бетінде де негізгі орын саяси дискурсқа беріледі [15, 32 б.]», - делинеді. Сонымен қатар, ғалым атальыш мәселе бойынша төмөндеғі пікірлерін ұсынады: «Ғылыми айналымға алғаш Зеллиг Харрис енгізғен (1952) дискурстық талдау термині бастапқыда жарнамаға қатысты қолданылған болатын. Кейіннен XX ғасырдың 70-жылдары дискурстік талдауды дәстүрлі лингвистикамен байланысты қараған американдық және еуропа ғалымдарының енбектерінде жиі байқала бастады. Ал 80-90-жылдары атальыш мәселеғе арналған алғашқы ірғелі енбектер жарық көрді. Дискурс ұғымы тіл біліміндегі антропоцентристік бағытты ұстанған көптеген арнаулы салалардың (психолингвистика, социолингвистика, паралингвистика, нейролингвистика, коғнитивті лингвистика, прагмалингвистика т.б.) дербестенуіне байланысты айрықша маңызға ис болды. Атальыш салалардың іштей жіктелуімен бірге интеграциясы да осы дискурс ұғымының төніреғінде шоғырланды деуғе болады. Осымен байланысты әлі күнғе дискурсқа берілген анықтамаларды аяқталған, толыққанды, дәл деп санауға болмайды. Біздіңше, дискурсты прагматикалық түрғыдан талдағанда коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-ниеттері басшылықта алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда оқырман автордың сол мәтінді дайындаған сәттегі киял-дүниесін елестетуғе тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөлде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде деуғе

болады. Ал өз кезегінде адресант сол дүниені керекті нұсқада жасау үшін тілдегі семантиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады.

Л.А. Кочетова дискурстың өзіндік ерекшеліктерін мынадай прагматикалық белгілер көрсететінін айтады: максатты бағыттылығы айқын әлеуметтік әрекет; ситуация шарттары (дискурсқа қатысушылар, ондағы рөлдер, коммуникативтік өзара әрекеттестік сипаты т.б.); құндылыктар, стратегиялар, жанрлар» [15, 32 б.].

Демек, аталған пікірлер бойынша отандық ғылымда саяси лингвистика бойынша зерттеулер журін жатқандығы дәлелденуімен қатар, саяси ғылымдар арасындағы өзара байланыстың барлығы қуантады. Сондықтан саясат тілін зерттеу қос ғылымның алдағы уақытта да бірлесе жүргізетін мәселесі деп ойлаймыз. Бұған дейін макала авторлары берілген мәселе бойынша өз ойларын қозғағандығын ата кеткеніміз жөн [16].

Жалпы саясат тілінің немесе саяси тілдің қаралайым қолданыстағы сөздерден басты ерекшеліктері:

- «саяси лексика» терминологияланған, ал «саяси» тілдік белгілер үнемі қолданыста емес;
- дискурстың өзіндік ерекшелігі бар құрылымы - өзіне тән тілдік тәсілдер нәтижесі;
- дискурстың орындалу ерекшелігі – дыбыстық немесе оның жазбалық ресімделуі [17]. Ал «саяси тіл» терминінің тарихы ертеден басталып, 1789 жылдан бастап көнінен қолданысқа енген [18].

Ресей ғалымы Е.И. Шейғалдың пікірінше: «Мазмұны саясат саласына келетін кез келген сөйлеу құрылымы саяси дискурсқа жатады» [13, 23 б.]. А.Н. Барановтың пайымаудынша: «Саяси дискурсқа қатысушы немесе накты саяси коммуникация тақырыбын қалыптастыруши дискурсивті тәжірибелер жиынтығы» [19]. Ал, Ю.А. Сорокиннің анықтамасы бойынша: «Саяси дискурс идеологиялық дискурстың өзге түрі. Саяси дискурс қысқа прагматикалық ұғым болса, идеологиялық прагматика жағынан жасанды... Дискурстың бірінші түрі - субдискурс, екінші түрі – метадискурс [20]. Біздің пікірімізше, *саяси дискурс қоғамның рухани-идеологиялық көрінісін айқындаитын, белегілі бір кезеңдің саяси көзқарасы мен дүниетаным ерекшеліктерін танытатын қазіргі саяси ғылымдардағы ұғым*.

Жалпы саяси мәтіндерді зерттеудегі қызығушылықты бірнеше факторлармен түсіндіруға болады. *Біріншіден*, түрлі тарихи кезеңдердегі тіл жүйесі мен сөйлеу салаларына бағытталған ішкі лингвистикалық қажеттіліктер. *Екіншіден*, саяси ойдың саясаттанулық мәселелері мен оның саяси мінезд-құлықпен өзара байланысы; саясаттанудағы болжам үлгілерін құру, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтін мен саяси мәтіндерді сараптау әдістерін дайындау қажеттілігі. *Үшіншіден*, саяси коммуникацияларды қоғамдық пікір манипуляциясынан бөлу талпынды.

Зерттеу тақырыбының Қазақстан жағдайында өзіндік мәселелері мол факторларды да баршылық. *Біріншіден*, саяси терминологияда қолданылатын ұғымдарды елімізде көбінесе жоғары білімді азаматтар түсінеді. Мерзімді баспасөз беттеріндегі саяси ақпарат түрлері көпшілікке түсініксіз. Сондықтан еліміздең тұрғындардың саяси сауаттылығын айқындау өте маңызды және сауаттылық деңгейін жоғарылата түсken дұрыс. Екіншіден, көң байтақ мемлекеттіміздің әр аймағындағы тұрғындардың менталитеті, сөйлеу және құндылық ерекшеліктері әртүрлі. Бұл саяси ақпараттарды түрлі деңгейде қабылдауға апаратыны анық. *Үшіншіден*, халық арасында таратылуы қажет саяси ақпараттың алғашкы нұсқасы орыс тілінде дайындалып, кейін қазақ тіліне аударылады.

Бұғынғі таңда мамандар саяси дискурстың келесі түрлерін атап көрсетеді:

- *институтталған саяси дискурс* – саясаткерлер саяси коммуникацияда қолданған мәтіндер (парламенттік стенограммалар, саяси құжаттар, саяси лидерлердің бұқара алдындағы сөздері мен сұхбаттары);
- *масс-медиалық саяси дискурс* – баспасөз, теледидар, радио, Интернет арқылы журналистер таратқан мәтіндер;
- *ресми-іскерлік саяси дискурс* – мемлекеттік ақпарат қызметкерлеріне бағытталған ақпарат коммуникациясымен тығыз байланысты мәтіндер;
- *саяси коммуникацияларға қатысушы тәжірибелі саясаткер* немесе журналист емес «қаралайым азаматтар» мәтіндері. Мұның қатарына саясаткер немесе мемлекеттік мекемелерге бағытталған түрлі хаттар мен ұсыныстар, БАҚ-та жарияланған хаттар жатады;
- бұғынғі күнде көнінен тараған «*саяси детективтер*», «*саяси поэзия*» және «*саяси мемуарлар*»;
- саясатқа арналған ғылыми коммуникация мәтіндері.

Жоғарыда аталған мәселелерді саралай келе, бұтінгі кезеңнің қолданыстағы сөздері күннен күнге өзгерін жатқанын байқаймыз. Айтalyқ, Кеңестер дәуірінің өзімен бірге келмеске кеткен қағыдалармен қатар, қазіргі жаһандану заманында шетелденіп кеткен ұғымдар мен шет елден келген түсініктер санамызда жатталып жатыр. Кеңестер еліндең соғы «қайта құрулар» және жана тәуелсіз елдердің қалыптасуындағы негізгі түсінік болып табылған «демократия» құндылықтарымен бірге өзге де ұғымдар қалыптасып үлгерді. Отандық саяси ғылымдар терминологиясында батыста қолданылатын «саяси консалтинг», «саяси имиджеология», «саяси менеджмент», «саяси маркетинг», «саяси паблисити» секілді т.б. категориялар мен институттар көң қолданысқа енди.

Жалпы дискурс категорияларының саяси ғылымдардағы маңыздылығының кейбір көріністері осы зерттеуде бой көрсетті. Жоғарыда аталған пікірлерге карап, саяси ақпараттың неғізі мақсаттарын айқындауымызға болады. *Біріншіден*, ол қоғам мүшелерінің барлығын хабарламаға назарын аудару; *екіншіден*, хабарламаның мазмұнын түсіндіру арқылы халықтың қызығушылығын туғызып, нәтижесінде оны қоғам санасына тереңдете сініру; *үшіншіден*, берілетін ақпараттарға сәйкес, қажеттілік пен ниетті ұштастыра біріктіру арқылы ой түүфө экелу; *төртіншіден*, осы ақпараттар негізінде еліміздің бүкіл аймағын үйлесімде келтірілген іс-әрекеттер жүйесін қалыптастыру болып табылатындығын атап көрсетуғе болады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Teun A (2014) Discourse and Knowledge. A Sociocognitive Approach. Cambridge University Press, United Kingdom. ISBN: 978-1-107-41655-0
- [2] Bayram F. (2010) Ideology and political discourse: a critical discourse analysis of Erdogan's political speech, ARECLS, 7: 23-40.
- [3] Harris ZS (1991) A Theory of Language and Information: A mathematical approach. Clarendon Press, United Kingdom, USA. ISBN: 978-0-198-24224-6
- [4] Hart C. (2005) Analysing political discourse: Toward a cognitive approach, Critical Discourse Studies. 2: 189-194. DOI: 10.1080/17405900500283706
- [5] Баранов А.Н., Михайлова О.В., Сатаров Г.А., Шипова Е.А. Политический дискурс: методы анализа тематической структуры и метафорики. - М.: Фонд ИНДЕМ, 2004. – 94 с. – ISBN: 5-902204-09-7
- [6] Маслова В.А. Политический дискурс: языковые игры или игры в слова? // Политическая лингвистика. - 2008. - №1 (24). - С. 43-48.
- [7] Перельгут Н.М., Сухоцкая Е.Б. О структуре понятия «политический дискурс» // Вестник Нижневартовского государственного университета. – 2013. - №2. - С. 35-41.
- [8] Пилогина Е.В. Дискурс в политике и политика как дискурс: актуальные резонансы социального бытия постмодерна // Вестник Челябинского государственного университета. – 2013. - №23 (314). – Политические науки. Востоковедение. Вып. 14. – С. 42-48.
- [9] Хурматуллин А.К. Понятие дискурса в современной лингвистике // Ученые записки Казанского государственного университета. – 2009. – Том 151, кн. 6, гуманитарные науки. – С. 31-37.
- [10] Januschek F (1985) Politische Sprachwissenschaft: Zur Analyse von Sprache als kultureller Praxis. Westdeutscher Verlag, Germany. ISBN: 978-3-322-87626-3
- [11] Алтунян А.Г. От Булгарина до Жириновского. Идейно стилистический анализ политических текстов. - М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 1999. - 263 с. – ISBN: 5-7281-0007-4
- [12] Проскуряков М.Р. Дискурс борьбы: очерк языка выборов // Вестник Московского университета. - 1999. - Серия 9. Филология. - № 1. - С. 34-49.
- [13] Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. - Волгоград, 2000. - 368 с. - ISBN 5-88234-394-1
- [14] Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. - Алматы: Экономика, 2006. - 302 с. – ISBN: 9965-734-26-7
- [15] Есенова Қ.Ә. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): 10.02.02 - қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы гылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
- [16] Nassimov MO, Tolen ZM, Ibadullaeva SZ, Paridinova BZ, Ustagaliev YO. (2015) Discourse as the form of political sciences (on the example of the Republic of Kazakhstan), Mediterranean Journal of Social Sciences. 6: 399-402. DOI: 10.5901/mjss.2015.v6n5s1p399
- [17] Bayley P. Live oratory in the television age: The language of formal speeches // G. Ragazzini, D.R.B.P. Miller eds. Campaign language: Language, image, myth in the U.S. presidential elections 1984. – Bologna: Cooperativa Libraria Universitaria Editrice Bologna, 1985. - P. 77-174.
- [18] Политический дискурс как предмет политологической филологии // Политическая наука. Политический дискурс: История и современные исследования. - М.: ИНИОН РАН, 2002. - № 3. - С. 32-43.
- [19] Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. – М., 2001. – 358 с. - С. 246. - ISBN 5-8360-0196-0
- [20] Сорокин Ю.А. Политический дискурс: попытка истолкования понятия // Политический дискурс в России. – М., 1997. – С. 57.

## REFERENCES

- [1] Teun A (2014) Discourse and Knowledge. A Sociocognitive Approach. Cambridge University Press, United Kingdom. ISBN: 978-1-107-41655-0 (In Eng.).
- [2] Bayram F. Ideology and political discourse: a critical discourse analysis of Erdogan's political speech, ARECLS, 2010, 7, 23-40. (In Eng.).
- [3] Harris ZS (1991) A Theory of Language and Information: A mathematical approach. Clarendon Press, United Kingdom, USA. ISBN: 978-0-198-24224-6 (In Eng.).
- [4] Hart C. Analysing political discourse: Toward a cognitive approach, Critical Discourse Studies, 2005, 2, 189-194. DOI: 10.1080/17405900500283706 (In Eng.).
- [5] Baranov A.N., Mihajlova O.V., Satarov G.A., Shipova E.A. Politicheskij diskurs: metody analiza tematicheskoy struktury i metaforiki. M.: Fond INDEM, 2004. 94 s. ISBN: 5-902204-09-7 (in Russ.).

- [6] Maslova V.A. Politicheskij diskurs: jazykovye igry ili igry v slova? *Politicheskaja lingvistika*, 2008, 1, S. 43-48. (in Russ.).
- [7] Perel'gut N.M., Suhockaja E.B. O strukture ponjatija «politicheskij diskurs». *Vestnik Nizhnevartovskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2013, 2, 35-41. (in Russ.).
- [8] Piljugina E.V. Diskurs v politike i politika kak diskurs: aktual'nye rezonansy social'nogo bytija postmoderna. *Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2013, 23, Politicheskie nauki. Vostokovedenie. Vyp. 14, 42-48. (in Russ.).
- [9] Hurmatullin A.K. Ponjatie diskursa v sovremennoj lingvistike. *Uchenye zapiski Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2009, Tom 151, kn. 6, gumanitarnye nauki, 31-37. (in Russ.).
- [10] Januschek F (1985) Politische Sprachwissenschaft: Zur Analyse von Sprache als kultureller Praxis. Westdeutscher Verlag, Germany. ISBN: 978-3-322-87626-3 (In Ger.).
- [11] Altunjan A.G. Ot Bulgarina do Zhirinovskogo. Idejno stilisticheskij analiz politicheskikh tekstov. M.: Rossijsk. gos. gumanit. un-t, 1999. 263 s. ISBN: 5-7281-0007-4 (in Russ.).
- [12] Proskurjakov M.R. Diskurs bor'by: Ocherk jazyka vyborov. *Vestnik Moskovskogo universiteta*, 1999, Serija 9. Filologija, 1, 34-49. (in Russ.).
- [13] Shejgal E.I. Semiotika politicheskogo diskursa. Volgograd, 2000. 368 s. ISBN 5-88234-394-1 (in Russ.).
- [14] Ahatova B.A. Politicheskij diskurs i jazykovoe soznanie. Almaty: Jekonomika, 2006. 302 s. ISBN: 9965-734-26-7 (in Russ.).
- [15] Esenova K.O. Kazirgi kazah media-matininin pragmatikasy (kazah baspasoz materialdary negizinde): 10.02.02 - kazah tili mamandygy bojynsha filologija gylymdaryny doktry gylymi darezhesin alu ushin dajyndalgan dissertacijany avtoreferaty. (In Kaz.).
- [16] Nassimov MO, Tolen ZM, Ibadullaeva SZ, Paridinova BZ, Ustagaliyev YO. Discourse as the form of political sciences (on the example of the Republic of Kazakhstan), *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 2015, 6, 399-402. DOI: 10.5901/mjss.2015.v6n5s1p399 (In Eng.).
- [17] Bayley P. Live oratory in the television age: The language of formal speeches. G. Ragazzini, D.R.B.P. Miller eds. Campaign language: Language, image, myth in the U.S. presidential elections 1984. Bologna: Cooperativa Libraria Universitaria Editrice Bologna, 1985, 77-174. (In Eng.).
- [18] Politicheskij diskurs kak predmet politologicheskoy filologii. *Politicheskaja nauka. Politicheskij diskurs: Istorija i sovremennye issledovaniya*, 2002, 3, 32-43. (in Russ.).
- [19] Baranov A.N. Vvedenie v prikladnuju lingvistiku. M., 2001. 358 c. S. 246. ISBN 5-8360-0196-0 (in Russ.).
- [20] Sorokin Ju.A. Politicheskij diskurs: popytka istolkovanija ponjatija. Politicheskij diskurs v Rossii. M., 1997. S. 57. (in Russ.).

**М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова**

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан,

## **ДИСКУРС КАК ОБЪЕКТ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ**

**Аннотация.** Дискурс - одно из сложных и трудно поддающихся определению понятий современной лингвистики, семиотики и философии. Четкого определения понятия дискурс не существует. В широком смысле дискурс – это коммуникативное действие, явление, представляющее собой речь, диалог, стиль, язык, прошедшие через призму экстраконцептуальных факторов – знаний о мире, установок, мнений, культурных традиций, исторических фактов и идеологических установок, знание о которых необходимо для полного понимания вышеуказанных речи, стиля, диалога.

Представители философии постмодернизма трактуют дискурс как специфическую форму социальных взаимодействий; способ социального бытия, который отличается полифоничностью, многоаспектностью, спонтанностью, поливалентностью, децентризацией и обусловленностью внутренними интенциями эпистемического происхождения.

Изучение политического дискурса относится к наиболее актуальным задачам политологии и политической лингвистики. Понятие, будучи междисциплинарным по своим базовым свойствам, интересует представителей социологии, социальной психологии, культурологии, специалистов по теории массовой коммуникации. Применение современных методов анализа политических текстов позволяют получать данные о состоянии общественного сознания и общественно-политических проблем. В данной статье дискурс исследуется как объект политической науки.

**Ключевые слова:** дискурс, политическая коммуникация, политическая лингвистика, политическая филология.